

Аңдатпа

Мақалада бағдарламалық-конфигурацияланатын желіні жасау концепциясы қарастырылған, желілік технологиялардың дамуындағы олардың маңыздылығы көрсетілген. SDN желісіндегі OpenFlow хаттамасының жұмысына талдау жасалған. Mininet-те жасалған және OpenDaylight контроллеріне қосылған бағдарламалық-конфигурацияланатын желіні басқару үдерісі көрсетілген.

Контроллер мен OpenFlow-коммутатордың өзара әрекеттесуі нәтижесінде берілетін трафик талданды. Трафик алмасу үдерісін зерттеу үшін желі тораптарының арасында Wireshark желілік дестелердің талдағышы қолданылды. SDN желісі бойынша берілетін трафиктің кешігуін қалыптастыру моделі жасалды. SDN желісіндегі трафиктің кешігу мәнi зерттелді.